

**Разрядтан екі рет аттап өту  
арқылы көбейту және бөлудің  
жазбаша тәсілдері (165 · 3, 495:3)**

№ 148, 149 сабақтар

*Көбейтудің қалай орындалғанын қарастыр.*

	1	6	5
×			3
	4	9	5



*Жазамын:* 165–бірінші көбейткіш, бірліктердің астына екінші көбейткіш 3-ті жазамын.

*Бірліктерді көбейтемін:*

$$3 \cdot 5 = 15,$$

бұл – 1 ондық және 5 бірлік.

5-ті бірліктердің астына жазамын, ал 1 ондықты еске сақтап, ондықтарға қосамын.

*Ондықтарды көбейтемін:*

$3 \cdot 6 = 18$ , тағы 1 ондықты қосамын, 19 ондық шығады. 9-ды ондықтардың астына жазамын. Бұл – 1 жүздік және 9 ондық. 1 ондықты есіме сақтап, жүздіктерге қосамын.

*Жүздіктерді көбейтемін:*

$3 \cdot 1 = 3$  жүзд., ойдағы тағы бір жүздікті қосамын, 4 жүздік шығады. 4-ті жүздіктердің астына жазамын.

*Жауабын оқимын: 495.*

*Бөлудің қалай орындалғанын қарастыр.*

*Жазамын:*

	4	9	5	3		
	3			1	6	5
	1	9				
	1	8				
		1	5			
		1	5			
			0			

**Бөлінгіш 495, бөлгіш 3.**

3 жүздік – бірінші толымсыз бөлінгіш. Бөлінді 3 цифрдан тұрады (бірліктер, ондықтар, жүздіктер).

*Жүздіктерді бөлемін:*

$4:3=1$ , қалдық – 1 жүздік, 1-ді бөліндінің мәніне жазамын, қалдықты жүздіктің астына жазамын. Қалдыққа 1 ондықты жазамын. 1 жүздік және 9 ондық – бұл 19 ондық.

*Ондықтарды бөлемін:*

$19:3=6$ , қалдық – 1 ондық, бөліндінің мәніне 6-ны жазамын, қалдықты ондықтың астына жазамын. 5 бірлікті түсіремін. 1 ондық және 5 бірлік – бұл 15 бірлік.


*Бірліктерді бөлемін:*

$15:3=5$ , бөліндінің мәніне 5-ті жазамын

***Жауабын оқимын: 165.***



Жолдың алтыдан бір бөлігінің ұзындығы 36 км.  
Жолдың жалпы ұзындығын тап.



Бөлігі бойынша санды табу үшін бір бөлігінің ұзындығын тең бөліктердің санына көбейту керек.


$$36 \cdot 6 = 216 \text{ (км)}$$



Жауабы: 216 км.

Жолдың ұзындығы 216 км. Жолдың алтыдан бір бөлігінің ұзындығын тап.

Санның бөлігін табу үшін, осы санды теңдей бөліктердің санына бөлу керек.




$$216 : 6 = 36 \text{ (км)}$$






Жауабы: 36 км.





Сызба бойынша өрнек құрастыр.  
Өрнектегі амалдардың орындалу тәртібін көрсет және есепте.



$$245:5^1 \cdot 7^2 + 504:2^3 = 595$$